

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Биология
Мұғалім	Өтемісова Арайгүл
Мектеп, сынып	Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе мектеп-гимназиясы, 10-сынып
Сабақ тақырыбы	Вирустар және фагтар



www.bilimland.kz

Мақсаты:	Вирустардың зерттелу тарихы, вирус және бактериофаг ұғымы, вирустардың түрлері туралы білім беру.	
Сабақтың түрі:	Жаңа білімді меңгерту сабақ.	
Күтілетін нәтижелер:	А. Вирустардың құрылысын біледі. В. Вирустардың түрлерін ажыратады. С. Вирустық жұқпаларға талдау жасайды.	
Керекті жабдықтар:	Вирус құрылысының суреті, презентациялар, білімланд сайтының ресурстары.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Жеке, топтық. Семантикалық карта, ТВ шоу, биологиялық диктант, сәйкестендіру тапсырмасы	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	1. Тұлғааралық байланысты орнату. 2. Сыныппен амандасу.	- мұғаліммен сәлемдесу; - кезекшілік қызметін атқару; - сабаққа зер салу.
Тұсаукесер	Оқушыларға қиықшалар беріледі. Сіздердің қиықшаларыңызда ұғымдар берілген сол ұғымдарды есімізге түсірейік. Прокариоттар, эукариоттар, анциттер ұғымдарының анықтамалары айтылады. «Вирустар» туралы бейнежазба көрсетіледі. 	Оқушылар өткен білімдерін жаңғыртады. Оқушылар бейнежазбаны көре отырып, қызығушылықтары оянады. «Мағыналы үштік» әдісі арқылы ойланады, талқылау жасап, өзара ой бөліседі. Осылайша жаңа сабақ туралы түсінік алады.

<http://bilimland.kz/kk#lesson=11875>

Бейнежазбаны қорыту мақсатында «Мағыналы үштік» әдісі қолданылады. Әрбір топ бейнежазба бойынша 3 жаңалық, 3қызықты мәлімет, 3негізгі ұғым айтады.

Негізгі бөлім

«**Еркін талқылау**» әдісі бойынша топтық жұмыс.

Білімланд сайтындағы «Вирустар – тіршіліктің жасушасыз түрі» тақырыбындағы конспектпен танысу. http://itest.kz/lekciya_ii_tarau_virustar_tirshilik_ting_zhasushasyz_turi

Мәтін мазмұнын меңгерту мақсатында үш топқа тапсырмалар.

I топ. Зерделеу. Вирустардың сипаттамасы, зерттелу тарихы (Семантикалық карта арқылы вирустардың жалпы құрылысы, түрлері, ашылу тарихын жазады).

Вирустар түрлері	Құрылысы	Зерттелу тарихы

II топ. Анықтау. Вирустардың құрылысы және тіршілік әрекеті, типтері (маркерлеу әдісі арқылы интербелсенді тақтадан вирус құрылысын табады).




III топ. Зерттеу. Вирустардың шығу тегі. Вирустық жұқпалардың таралуы, зақымдану жолдары және алдын алу шаралары (ТВ шоу. Бір бағдарлама

Жаңа сабақты зер салып оқиды, мазмұнын түсінеді. Алдымен, жеке оқушы өз бетімен мәтінді оқиды. Топтық талқылау жүреді. Басқа топтарға түсіндіреді. «Бағдаршам», «Басбармақ», «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдістері арқылы топтарда өзара бағалау жүреді. Бағалау критерийлері:

Егер жеткізуі нақты, анық, түсінікті болса	Жасыл түс
Егер жеткізуі орташа болса	Сары түс
Егер мүлдем түсініксіз болса	Қызыл түс

	<p>желісінде вирустық жұқпалардың таралуы, зақымдану жолдары және алдын алу шаралары жөнінде талқылау жүргізеді).</p> <p>Әрбір топ тапсырмалар бойынша өздерінің жұмыстарын қорғайды.</p>													
<p>Қорытынды</p>	<p>Бекіту тапсырмалары. Интербелсенді тақтадан көрсетіледі.</p> <p>Бірінші орындап болған оқушы интербелсенді тақтада жазып көрсетеді.</p> <p>Қалғандары өз орындарында отырып орындайды және тексеріп бағалау шкаласы арқылы өздерін бағалайды.</p> <p>1. Биологиялық диктант. Әрбір дұрыс жауап 1 ұпай.</p> <p>1. ғылымға «вирус» деген терминді енгізді</p> <p>2. Вирустардың қабықшасы, ол міндетті түрде нәруыздық бөлшектен тұрады.</p> <p>3. Д.И.Ивановский биологиялық ғылым – негізін қалаушы.</p> <p>4. Бактерияларды зақымдайтын вирустар деп аталады.</p> <p>2. Сәйкестендіру тапсырмасы. Әрбір дұрыс жауап 1 ұпай.</p> <table border="1" data-bbox="355 1384 1007 1944"> <thead> <tr> <th>Жұқпаның атауы</th> <th>Жұқтыру жолдары</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. Бауырдың қабынуы (А Гепатит)</td> <td>А. Ауалы – тамшылы жолмен</td> </tr> <tr> <td>2. Мидың қабынуы (энцефалит)</td> <td>В. Ауру жануарлар қапқан кезде</td> </tr> <tr> <td>3. Тұмау (ОРВИ)</td> <td>С. Кір қол ауруы</td> </tr> <tr> <td>4. Құтыру</td> <td>Д. Жұптұяқты жануарлар (сиыр, ешкі, қой)</td> </tr> <tr> <td>5. Аусыл</td> <td>Е. кенелер</td> </tr> </tbody> </table> <p>1. ... 2. ... 3. ... 4. ... 5. ...</p>	Жұқпаның атауы	Жұқтыру жолдары	1. Бауырдың қабынуы (А Гепатит)	А. Ауалы – тамшылы жолмен	2. Мидың қабынуы (энцефалит)	В. Ауру жануарлар қапқан кезде	3. Тұмау (ОРВИ)	С. Кір қол ауруы	4. Құтыру	Д. Жұптұяқты жануарлар (сиыр, ешкі, қой)	5. Аусыл	Е. кенелер	<p>Әрбір оқушы жеке орындайды.</p> <p>Тексеріп, өз ұпайларын бағалау парағына жазады.</p> <p>Осылайша оқушылар өзін-өзі бағалап үйренеді.</p>
Жұқпаның атауы	Жұқтыру жолдары													
1. Бауырдың қабынуы (А Гепатит)	А. Ауалы – тамшылы жолмен													
2. Мидың қабынуы (энцефалит)	В. Ауру жануарлар қапқан кезде													
3. Тұмау (ОРВИ)	С. Кір қол ауруы													
4. Құтыру	Д. Жұптұяқты жануарлар (сиыр, ешкі, қой)													
5. Аусыл	Е. кенелер													



3. Тест тапсырмасы

Тест тапсырмасы білім ланд сайтындағы ITest бағдарламасы бойынша вирустар тақырыбында орындалады http://itest.kz/kurs_10_synyp_biologiya

II тарау. Вирустар – тіршіліктің жасушасыз түрі.

Қорытынды бағалау.

Кері байланыс. Жолсөмке, қоқыс жәшігі, еттартқыш суреттері арқылы жүзеге асады.

Тестті бағалау шкаласы:
10-8 дұрыс болса – «3» ұпай,
7-5 дұрыс болса – «2» ұпай,
4-1 дұрыс болса – «1» ұпай.

Қорытынды бағалау қорытынды бөліміндегі 3 тапсырмалардың ұпайларын қосу нәтижесінде жүзеге асады (Қосымша №1 «Оқушының өзін-өзі бағалау парағы»).

Қорытынды бағалау шкаласы:

12-11 ұпай болса, «5».

10-7 ұпай болса, «4».

6-4 ұпай болса, «3».

3-1 ұпай болса, «2».

Егер оқушы бүгінгі сабақтан көптеген мағлұматтарды алып, сабаққа жақсы араласып отырса, барлығы түсінікті болса, «жөлсөмке» суретін таңдайды және себебін түсіндіреді.

Егер оқушы бүгінгі сабақтан көп мағлұмат алды, бірақ сол алған деректерін одан әрі үйден қорытып толықтыратын болса, «еттартқыш» суретін таңдайды



Рефлексия



және себебін түсіндіреді. Егер бүгінгі сабақтан ештеңе ала алмаса, сабаққа дұрыс араласпай отырған болса, «қоқыс жәшігін таңдайды».

Үйге тапсырма: §23-24 тақырыпты оқу.
Вирустар туралы қызықты, тылсым деректер әкелу.

Қосымша №1. Оқушының өзін-өзі бағалау парағы

Критерий	Дескриптор	Ұпай	Өзінің жинаған ұпайы
1-тапсырма. Биологиялық диктант	Әрбір дұрыс жауап	1 ұпай, ең жоғарғы ұпай 3	
2. Сәйкестендіру тапсырмасы	Әрбір дұрыс жауап	1 ұпай, ең жоғарғы ұпай 6	
3. Тест	10-8 дұрыс болса	3 ұпай	

	7-5 дұрыс болса	2 ұпай	
	4-1 дұрыс болса	1 ұпай	
Оқушының аты-жөні:			Қорытынды ұпай

Қорытынды бағалау шкаласы:

12-11 ұпай болса, «5».

10-7 ұпай болса, «4».

6-4 ұпай болса, «3».

3-1 ұпай болса, «2».